

Жобаның мақсаты – ҚР-дағы ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік ұсыныстары мен тәжірибелік тетіктерін әзірлеу, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге, сондай-ақ жер, аграрлық және экологиялық саласындағы құқықтық актілер мен оны қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған шараларды ұсынуды көздейді.

Осы жобада мынандай нәтижелер:

- Осы жобада мынандай нәтижелер: ҚР-дағы ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің теориялық негіздерін талданады. ҚР-дағы ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету бойынша нормативтік-құқықтық базасын зерделенеді, оның кемшіліктерін мен олқылықтары анықтала отырып, сондай-ақ «ҚР-ның Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы дайындалады. Аграрлық секторды қарқынды жаңғырту және инновациялық технологияларды енгізу нәтижесінде туындайтын құқықтық тәуекелдер талданады. Мемлекеттік органдар мен ауыл шаруашылығы өндірісінің субъектілері үшін экологиялық қауіпсіздік саласындағы құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстар жасалады. Қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық қауіпсіздігіне әсерін зерттеу, ақылды ауыл шаруашылығы, биотехнология, агроинженерлік шешімдер және басқа да инновациялар сияқты жаңа технологияларды пайдалануда заңнаманы бейімдеу қажеттілігі бағаланады. Ауыл шаруашылығының экологиялық қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлене отырып, “Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы дайындалады. Экологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының және қоғамның өзара әрекеттесуінің құқықтық аспектілерін зерттеледі. Ауылшаруашылық өнеркәсібінде экологиялық стандарттарды сақтауды бақылау және бақылаудың қолданыстағы жүйелері зерттеледі. Ауыл шаруашылығындағы экологиялық қауіпсіздікті құқықтық реттеу саласындағы басқа елдердің тәжірибесін зерделенеді, үздік әлемдік тәжірибені ҚР-ның жағдайына бейімдеу бойынша құқықтық ұсыныстар әзірлене отырып, «2025-2030 жылдарға арналған Ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық қауіпсіздігі туралы» тұжырымдаманың жобасы әзірленеді.